

# ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЖЕТІАСАР МӘДЕНИЕТІНДЕГІ АНТРОПОМОРФТЫҚ ЖӘНЕ ЗООМОРФТЫҚ БЕЙНЕЛЕРДІҢ МӘДЕНИ АРХЕТИПТІК ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

Ағабек Назаров<sup>1</sup>, Сәнгүл Қаржаубаева<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы  
(Алматы, Қазақстан)

**Аңдатпа.** Мақалада Жетіасар мәдениеті ескерткіштерінің жаңа археологиялық материалдары талданады. Қазіргі уақытта Сырдарияның төменгі ағысынан табылған құнды артефактілер әлемдік қоғамдастықтың ерекше назарын аударып отыр. Жұмыстың негізгі мақсаты – Арал маңы этносының визуалды дүниетанымдық моделі ретіндегі антропоморфты және зооморфты бейнелеу дәстүрлерін зерттеу. Қойылған мақсатқа жету үшін Жетіасар ортағасырлық мәдениетінің антропоморфты және зооморфты бейнелеріндегі визуалды және мағыналық мәнерлілік құралдарын, композициялық принциптері мен тәсілдерін анықтау және интерпретациялау міндеттері шешілді. Зерттеуде өнертанулық тәсіл мен археология және этнографияның компаративтік әдістерін ұштастыратын интегративті методология негізінде жетіасарлық шағын қола пластикасының антропоморфты және зооморфты бейнелерінің генезисі мен эволюциялық аспектілерін қарастыруға талпыныс жасалған. Жазуға дейінгі мәдениетте сакралды жоралғылар мен ритуалдарға қатысты заттар мен атрибуттар негізгі ақпараттық рөл атқарады. Сондықтан әдістемелік тұрғыдан салыстырмалы талдау әдісі өте тиімді болып, аталған аймақтың бейнелеу дәстүрлері туралы қалыптасқан көптеген көзқарастарды қайта зерделеуге және жаңаша қарауға мүмкіндік берді. Ғылымда антропоморфты және зооморфты бейнелер, орнаменттік пішін түзілу, идеографиялық жүйе және жазу арасындағы өзара байланыстың бірнеше нұсқасы бар. Жетіасардан табылған шағын пластика бұйымдары олардың қолдану аясының әлдеқайда кең болғандығын айғақтауы әбден мүмкін. Бұл бұйымдардың шынайы мақсаты тек практикалық қажеттілікпен шектелмейтіні анық; ол Арал маңы аумағын мекендеген этностардың терең дүниетанымдық қабаттарында: олардың сиқырлы тәжірибесінде, жоралғылары мен рәсімдерінде

жатыр. Арал маңындағы антропоморфты және зооморфты бейнелердің пішін түзілу динамикасын пайымдау контекстінде қарастырылып отырған кезеңдегі бейнелеу мотивтерінің стилистикалық эволюциясының төрт дәйекті принципі айқындалды. Егер б.з.д. V-IV ғғ. үшін жеткілікті дәрежеде қарапайым немесе қайталанатын мотивтерден тұратын антропоморфты және зооморфты образдар тән болса, ортағасырлық дәуірде бұл образдардың егжей-тегжейлі модельденуі байқалады. Қола бұйымдарды өңдеудің және қыш ыдыстарды жасаудың жаңа технологияларының пайда болуымен орнаменттік мотивтер мен бейнелердің композициялық құрылымы біртіндеп күрделене түседі. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – Жетіасар ортағасырлық мәдениетінің антропоморфты және зооморфты бейнелерін талдаудан тұрады. Олар ритуалдық имитациядағы антропоморфты образдардың сакралды феномені және ыдыс-аяқтардағы тотемдік жануарлардың зооморфты бейнелерінің сиқырлы символикасы призмасы арқылы қарастырылады. Бұл ортағасырларда Арал маңын мекендеген этностың дүниетанымдық жүйесін түсінудің кілті болып табылады.

**Түйін сөздер:** археология, Арал өңірі, Жетіасар, қыш ыдыстар, қола мүсіндер, ою-өрнек формалары, мүсіндік стилизация.

**Дәйексөз үшін:** Ағабек, Назаров және Қаржаубаева Сәнгүл. «Ортағасырлық Жетіасар мәдениетіндегі антропоморфтық және зооморфтық бейнелердің мәдени архетиптік интерпретациясы». *Central Asian Journal of Art Studies*, т.11, №1, 2026, с. 141–161, DOI: 10.47940/cajas.v11i1.1179

**Алғыс білдіру:** Авторлар мақала жариялауға дайындалуына көмектескен «Central Asian Journal of Art Studies» журналының редакциясына, сондай-ақ, зерттеуге көрсеткен назарлары мен қызығушылықтары үшін анонимдік рецензенттерге алғыстарын білдіреді.

*Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қайшылығы жоқ екендігін мәлімдейді.*

## Кіріспе

Сыр өңірі — адамзат тарихы мен өркениет дамуында үлкен орын алатын киелі мекен. Еуразия құрлығының кіндігінде орналасқан бұл аймақ мыңдаған жылдар бойы Батыс пен Шығысты жалғастырып, этникалық және саяси, экономикалық байланыстарда аса зор маңызға ие болды. Көшпелі мал шаруашылығын дамытқан Орталық Қазақстан мен отырықшы егіншілік мәдениетін қалыптастырған Орталық Азия халықтары үшін Сырдың төменгі ағысы ғасырлар бойы алтын көпір қызметін атқарды. Тас дәуірінен бастап өлкені мекендеген тұрғындар әр кезеңдерде өздеріне ғана тән мәдениеттерді қалыптастырып, дамытып отырды.

Соңғы жылдары қазақ жерінен археологиялық жәдігерлер көптеп табылуда, оның ішіндегі тұрақтар, қоныстар, ортағасырлық қалалар, жерлеу ескерткіштері, кесенелер, обалар соның ішіндегі көне жазулардың табылуы ең үлкен жаңалық болып отыр. Қазіргі таңда Еуразия территориясынан, Оңтүстік Сібірден, Орта Азия және Шығыс Еуропадан ежелгі түркі жазуы Орхон-Енисей ескерткіштері үлгісіндегі руналық жазуларының көптеген жаңа олжаларының табылуы ежелгі түркілердің жазбаша мәдениетін зерттеушілердің назарын аудартып отыр (Рогожинский).

Осындай руналық жазулардың басым бөлігі Сырдария және Талас өзендерінің аңғарларындағы ортағасырлық қалалардан көптеп табылуда. Бұл

жазуларды зерттеп оқу барысында тарихтың жаңа беттері ашыла түсері хақ (Қызласов).

Жазу табылған ескерткіштердің бірі ол Орта Азия аумағы, Қазақ даласындағы Арал маңы. Бұл территория ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін осы жерде өмір сүрген қаншама халыққа жайлы, киелі мекен болып келеді. Сырдарияның төменгі ағысы Шығыс Арал маңы Евразия құрлығындағы көптеген халықтардың этникалық тарихы оның ішіндегі Орталық Азия, Кавказ, Еділ бойы ерекше орын алады.

Солтүстік-Шығыс Арал маңы, Сырдарияның төменгі ағысы, Қызылқұм шөлі, Арал маңы Қарақұмы, Кіші, Үлкен Борсық құмдар, ежелгі тас ғасыры палеолит дәуірінен мекендей бастаған әр түрлі тайпалар мен халықтар әлемде теңдесі жоқ өркениеттер қалыптастырып және керемет археологиялық ескерткіштер қалдырды. Осы құм басқан өркениеттердің куәлары — бұл күндері төбе боп үйіліп жатқан жүзден аса қала қирандылары мен жерлеу орындары, яғни, археологиялық ескерткіштер болып табылады.

Солтүстік-Шығыс Арал маңында орналасқан әлем ғалымдарына белгілі ерекше ескерткіштер: палеолит дәуірінің Арал, Әйтеке би тұрағы, неолит дәуірі Сексеуіл, Құмсай қоныстары, қола дәуірінің Тапа қонысы мен Солтүстік Түгіскен мавзолейлері, сақтардың Шірік-Рабат, Баланды, Бәбіш Мола, Сеңгір там қала-қорымдары, қаңлы тайпаларының Жетіасар ескерткіштері, оғыздардың Жанкент, Жент, Асанас, Сырлытам, Алтын Орда кезеңіне жататын Қышқала (Баршынкент), Мыңтөбе және қазақ хандықтарының астанасы болған Сығанақ қаласы және тағыда басқа қалалар бар.

## Әдістер

Ғылыми зерттеу жұмысы Арал маңы ортағасырлық қоныстарының сәндік

архетиптік үлгілерінің семантикалық мәні мен мәдени контекстерін зерттеу аясында қарастырылғандықтан мақалада негізінен Сырдарияның төменгі ағысы Арал маңының б.з. І ғасырынан XIII ғасырына дейінгі аралықтағы ортағасырлық мәдениеттің қалыптасуына септігін тигізген қалалардың материалдық мәдениеті негізінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының материалдары, деректер, қайта жаңғырту жұмыстарының сызба суреттері, табылған жәдігерлер мен олардың безендірілуіне қатысты семиотикалық және семантикалық мәнін, архетиптік маңыздылығын анықтауға бағытталған өнертанушылық ғылыми мақалалар негізгі дерек көзі ретінде пайдаланылды.

Мақалада пәнаралық әдістерге негізделіп, дүниежүзілік тарих, тарихи география, этнология, лингвистика пәндерінің тәсілдеріне (салыстырмалық, тарихилық, объективтілік принциптері, деректемелік, картографиялық, археологиялық дереккөздерді талдау, ментальдық тарих, ауызша тарих, семиотика-семантикалық әдістері) сүйенеді.

## Талқылау


Жетіасар археологиялық кешені Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан, қаңлы-ғұн материалдық және рухани мәдениетін айқындайтын бірегей ескерткіштер жүйесі болып табылады. Аталған аймақтың географиялық орналасуы мен табиғи-экологиялық ерекшеліктері ежелгі қоныстардың қалыптасуы мен дамуына тікелей әсер еткен. Осыған байланысты Жетіасар мәдениетінің қалыптасу алғышарттарын, оның тарихи-мәдени мәнін және зерттелу деңгейін талдау ғылыми тұрғыдан өзекті болып отыр. Жетіасар ескерткіштері Қызылорда облысының Сырдария, Жалағаш, Қармақшы аудандар аймағы мен Батыс

Еуропа—Батыс Қытай халықаралық көлік дәлізінің жолында шоғырлана орналасқан, археологтар тарапынан көп зерттелсе де, жергілікті халыққа оншалықты таныс емес көп қабатты археологиялық ескерткіш болып отыр. Биік төбелер ретінде орналасқан бұл шағын қалаларды жергілікті халықтың өзінің қойған атаулары — Жетіасар, Алтын асар, Томпақ асар, Үңгірлі асар, Бидайық, Шіркейлі т.б. аттарымен белгілі.

Географиялық орналасуы Сырдарияның төменгі ағысы көне сағалары Қуандария мен Ескідариялық арналарының аумағында топ-топ болып орналасқан.

Жетіасар шатқалы үлкен тақырлы жазықтықта орналасқан, бұл жазықтықта ешқандай шөп ізі де байқалмайтын шексіз бір сазды тақыр. Осы бір тақыр жазықтық солтүстіктен Жосалы шөліне қарай ығысқан құмды алқап жазықтың үстінде кейінгі ортағасырлық қалалар мен суландыру жүйелерінің орындары жатыр. Шатқалдың оңтүстігі Жаңадария мен Қуандария арналарынан Жетіасар шатқалының кейінгі ортағасырлық қоныс пен қала орындары кездеспейді. Жетіасар шатқалы Қуандария арнасының шығыс және солтүстік тармағымен қиылысып жатыр. Қиылысқан арналар бойында Жетіасар қалалары орналасқан. Бұл ескерткіштердің маңында жақсы дамыған суландыру жүйелері әуеден қарағанда анық көрінеді. Қалалар маңындағы үлкен магистральды каналдар, жерлердегі тіршіліктің қайнағанын анық көрсетіп отыр (Әлімбаев).

Қазіргі таңда Жетіасар қалалары жайлы көптеген археологиялық еңбектер және Қазақстан тарихы мен өлкетанушылық еңбектерде қаңлы-гүн кезеңіне жатқызылып айтылып та, жазылып та жүр. Жетіасар сөзінің мағынасы «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедия жинағында жеті саны байырғы



Сурет 1. Жетіасар шатқалының суландыру жүйелері (Б.В. Андриановтың «Древние оросительные системы Приаралья» монографиясынан)

қазақтардың түсінігінде сандық мағынасынан өзгеше этномәдени мәнділіктерге ие сандардың бірі. Жеті саны көнеден келе жатқан әр түрлі мазмұндағы тұрақты сөз орамдары мен пареомеиологизмдердің жасалуына ұйытқы болған (Eleuov, Kartaeva). Асар — қауым, ұжым болып көмек ретінде көтеретін іс шараларды ұйымдастырудың атауы. Әдетте, қора-қопсы, үй салғанда қысқа мерзімде белгілі мөлшердегі жұмысты атқару үшін отбасы жарандарын көмекке шақыратын. Мұны қазақ асар деп атайды. Яғни, асар дегеніміз ағайын-туыс ауылдастардың ұжым болып жеке отбасыға көрсеткен көмегі деп айтылады.

Жетіасар қалалары мен Арал маңының зерттелу тарихы сонау XIX ғ. аяғы — XX ғ. басында өлкетанушылық кезеңде алғаш Түркістан археология әуесқойлар үйірмесі және жекелеген ғалымдар Алексей Ираклиевич Левшин, Петр Иванович Лерх, Лев Лаврентьевич Мейер, Иосиф Антонович Қастанье, Василий Андреевич Каллаур сияқты т.б. өлкетанушы ғалымдардың еңбектерімен тікелей байланысты (Kurbanov, Kuzlasov). Өлкетанушы ғалымдардың ішіндегі орыс офицері А. Симоновтың «Туркестанские ведомости» газетінде Жетіасар қалалары туралы жергілікті халықтан жинап алынған аңыз әңгімелер жарияланып, Алтын асар және Үңгірлі

асар қалашықтарына сипаттама беріледі. Бұл аңыз әңгімелерді аударып жүйеге келтірген белігілі әдебиеттанушы өлкетанушы ғалым әкелі балалы Әуелбек және Тынысбек Қоңыратбаевтың еңбектерінен кездестіруге болады.


Жетіасар ескерткіштерінің зерттелу тарихына тоқталғанда осы жоғарыда айтылған ғалымдардың еңбектері міндетті түрде қарастырылады. Соңғы уақыттағы зерттеулердің қатарында этнограф Т.Қартаеваның еңбектерін ерекше айта аламыз. Автордың «Сыр өңірінің дәстүрлі этнографиясы» атты монографиясында бұл мәселе толығымен қамтылған. Сыр өңірі қазақтарының тарихи этногеографиясы, тарихи демографиясы, дәстүрлі мал және егін шаруашылығы жайлы толықтай мәліметтер берілген. Жетіасар қалаларына қатысты соңғы зерттеулерден Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті «Археология және этнография» ғылыми орталығының мамандары Рустем Дәрменов, Жетесби Сұлтанжанов, Әзілхан Тәжекеев, Сейдәли Билалов, Ысләм Құрманязовтың ғылыми мақалаларынан көруге болады. Солардың ішіндегі Жетіасар қалаларының ұмытылып кеткен атауларын қайта қалпына келтіруге байланысты Ресей империясының XVIII-XX ғасырлар бас кезінде жасалған карталармен жұмыс жасау барысында кейбір қалалар атауларын шартты белгілер атауларынан қайтарып көне өзінің атаулары бағытында ғылыми мақалалар жазылып жүр (Құрманязов, 11).


Жетіасар қалаларының археологиялық кешенді зерттелуі 1946-1991 жылдар аралығында Хорезм археологиялық этнографиялық экспедициясымен ұйымдастырылған болатын. Зерттеу жұмысы барысында Сырдарияның төменгі ағысынан ғылыми айналымға «Жетіасар мәдениеті» деген атаумен белгілі қаңлы, ғұн дәуіріне тиесілі ескерткіштер жиынтығын ашқан болатын (Құрманязов, 16).

Сырдарияның ежелгі солтүстік арналары Куандария мен Ескідариялыққа қарай шашыла орналасқан Жетіасар кешенінің ескерткіштерін 1948-1951 жж. Сергей Толстов Жетіасар № 3 (Алтын асар), Жетіасар №9 қалаларында және бірнеше жеке обаларда қазба жұмыстарын жүргізді. 1958, 1962-1963 және 1966 жж. басқа да Жетіасар ескерткіштерінде қазба жұмыстары жалғасын тапты.

С.П. Толстовтың зерттеу нәтижелері 1948 ж. «По следам древнехорезмийской цивилизации», «Древний Хорезм» және 1962 жылы жарық көрген «По древним дельтам Окса и Яксарта» атты еңбегі аймақ тарихының тереңде жатқандығын аңғартады. Хорезм экспедициясының кеңестік кезеңде жүргізген зерттеу жұмыстарының қорытындылары жыл сайын шығатын «Труды Хорезмской археолого-этнографической экспедиции» атты еңбектерінде жарияланып отырды (Толстов, 18).

1971-1991 жылдар аралығы Жетіасар ескерткіштеріндегі зерттеулер Хорезм экспедициясы Лариса Михайловна Левинаның жетекшілігімен Алтын асар мен Томпақ асар қалалары және обаларында кешенді қазба жұмыстары жүргізілді. Левинаның 1972-1991 жылдары жүргізген зерттеу жұмыстарының қорытындылары тек 1992-1995 жылдары «Низовье Сырдарьи в древности» атты бес томдық еңбекте жарияланды, 1996 жылы «Этнокультурная история Восточного Приаралья I тысячелетие до н.э. - I тысячелетие н.э.» деп аталатын соңғы монграфиясы жарық көрді (Левина).





Сурет 2. Қоладан күйылған антропоморфтық мүсіндер  
(Л.М. Левинаның «Этнокультурная история Восточного Приаралья. I тысячелетие до н.э. — I тысячелетие н.э.» еңбегінен)

Бұл зерттеулер нәтижесінде Жетіасар мәдениетінің материалдық, рухани мәдениеті, сәулеттері және шаруашылықтары жайлы құнды археологиялық тарихи мәліметтер алынды. Осы мәліметтер жоғарыда аталып өткен еңбектерде жарияланып нақты мерзімдері шығарылды. Қазіргі

таңда Мәскеудің Шығыс халықтары музейі, Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы этнология және антропология институты және Алматы қаласы Орталық музейінде, Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейлерінде құнды жәдігерлері қойылған (Құрманқұлов).

Тәуелсіздік алғанан кейін 2006-2007 жж. Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының Шірікқабат археологиялық экспедициясының барлау отряды (жетекшісі Ж. Құрманқұлов) «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында «Қызылорда облысының ескерткіштер жинағын» шығару мақсатында Жетіасар ескерткіштеріне толық археологиялық барлау жұмыстарын жүргізді. Бұл археологиялық зерттеулер тек Жетіасар шатқалына қазба жұмыстарын жүргізді. Шығыс асарларға тек барлау жұмыстары жүргізіліп қалашықтардың беткі қабатынан керамика материалдары жиналып алынды. 2007 жылы орыс тілінде, 2011 жылы қазақ тілінде Қызылорда облысының ескерткіштер жинағына анықтамалық түрде, географиялық координаттарымен орналасу аймағы суреттерімен берілді (Байпаков). Осы архив материалдарымен жұмыс жасау барысында Жетіасар мәдениеті қалаларының ішіндегі Алтын асар қалашығы (Жетіасар №3) жайлы құнды деректер табылды.





Рис. 170



Сурет 3. Қыш ыдыстардағы зооморфтық бейнелер  
(Л.М. Левинаның «Этнокультурная история Восточного Приаралья. I тысячелетие до н.э. — I тысячелетие н.э.» еңбегінен)

Жалпы Алтын асар қалашығы Жетіасар қалаларының ішіндегі ең үлкен қалашық. С.П. Толстовтың пікірі бойынша Жетіасарлық ескерткіштер үшінші топқа жататын мықты бекіністі, бірнеше ауқымды құрылыстары бар ірі ескерткіш. Алтын асар — қисық трапеция пішінді, ауданы 17 га болатын төрт қорғаннан тұратын кешен. Қамал ішіндегі құрылыстарға «Үлкен үй» мен «кіші үй» және «керуен сарай» деген шартты атаулар берілді.

Ескерткішті С.П. Толстов 1946 жылы ХАЭЭ барлау экспедициясы барысында ашып сипаттама жасаған. Қорғандар әр түрлі уақытта салынып, кейіннен



бір қорғаныс жүйесіне біріктірілген. Қалашықтың ішкі ауданында құрылыс іздері сақталған. Аталған төрт қорғанның ірісі «үлкен үй» — жоспары спираль пішіндес болып келген, көлемі 165x165 м, биіктігі 15 м. Мұндай жоспармен салынған қорған-қамал түрлері Жетіасардан тыс, басқа ескерткіштерде кездеспейді. Алайда хронологиялық және географиялық жағынан алшақта орналасқан Кіші Азия ескерткіштерінде спираль тәрізді жоспарлы құрылыстар дәстүрлі болып саналады.

Б.з.д. I мыңжылдықтың орта тұсында Алтын-асар кешенінің солтүстік-батыс бұрышында қамал салынған болуы керек, атыс ойықтары бар қабырғаның биіктігі 5 м дейін сақталған, дөңгелек пішінді қорған диаметрі 50 м. Бұл қалашықтағы ең кейінгі құрылыс нысаны бесбұрыш пішінді ауданы 800 шаршы метр болатын, шартты түрде «Үлкен үй» деп аталған қамал болып табылады (Левина, 20).

«Үлкен үйдің» қабырғасының бұрыштарында және кіре беріс қақпасында, пішіні шаршы болатын 40x40x9 см саз кесектерден салынған, мұнаралары бар. Қазба жұмыстары барысында мәдени қабаттардың хронологиясын екі кезеңге: төменгі — «дән үккіштер қабатына» (б.з.д I мың жылд.) және жоғарғы — «диірмендер қабатына» (III — VII ғғ.) бөлуге болатынын көрсетті. Қорған-қамалдың Жетіасар II және III кезеңдерінде тіршілік еткені анықталды (Левина, 35).

Алтын асарды айналдыра қоршаған 30 сопақша мұнарасы бар қорғаныс қабырғасы мен «Үлкен үйдің» құрылысы бір кезде тұрғызылған болса керек. Қабырғаның сақталған биіктігі 5 м, алайда ғимараттардың қабырғасы ерекше пахсалық блоктар қатарынан тұрғызылған. Бұдан шығатын қорытынды олар бірнеше кезең бойы қорғаныс жүйесін дамыту барысында пайда болған (Левина, 45).

Ұзақ жылдар жүргізілген зерттеулердің нәтижесі Жетіасар



Сурет 4. Жылқы бейнесіндегі қақпақ (Л.М. Левинаның «Этнокультурная история Восточного Приаралья. I тысячелетие до н.э. — I тысячелетие н.э.» еңбегінен)


мәдениеті ескерткіштерінен қаңлы мәдениетіне тән ерекшеліктерді ажыратады. Л.М. Левина жинақталған археологиялық деректерді саралай келіп Сырдария алқабында үш мәдениеттің қатар өмір сүргенін көрсетті. Олар: Отырар-Қаратау, Қауыншы, Жетіасар деп бөлінеді (Левина, 60).

## Нәтижелер


Жетіасар қалашықтары мен обаларынан антропоморфты және зооморфты бейнелер және басқа да мәдени заттар көптеп табылған. Атап айтар болсақ, антропоморфты адам

бейнелері, антроморфты өрнектер, адамдардың, сонымен қатар, аралас элементтердің символикалық бейнелері. Жетіасарлық елді-мекендердің мәдени қабаттарында табылған, қорғандардың жерлеу заттарының (құралдарының) құрамында бірнеше антропоморфты және зооморфты бейнелер кездеседі (Левина, 70).

Зооморфты ою-өрнектерде шынайы жануарлар бейнелерімен қатар стилизацияланған шартты суреттер де кездеседі. Бұл өрнектер жануарлардың ежелгі адам өміріндегі орнын, әсерін көрсетеді. Сұңқар, жылан, әтеш, тауық



Сурет 5. Қыш ыдысындағы аю (барыс немесе қасқыр) бейнелері (Л.М. Левинаның «Этнокультурная история Восточного Приаралья. I тысячелетие до н.э. — I тысячелетие н.э.» еңбегінен)



Сурет 6. Сүйектен жасалған қос барыстың (қасқырдың) басының бейнелері (Б.К. Момынбаев, И.А. Аржанцеваның «Ежелгі қала-Жанкент» еңбегінен)

т.б. схемалық және декоративті бейнелер жануарлар мен құстарға тән қасиеттерін айқындап, оларға ғажайып сипат береді.

Зооморфты бейнелер арасында балықтардың, құстардың, жыландардың, қойлардың, иттердің (мүмкін, қасқырлардың), ақбөкеннің, бұғылардың,

түйелердің, жылқылардың, пілдің және т.б. бейнелерін, сондай-ақ көптеген біршама схемалы (тірек-сызбалы) бейнелерді көруге болады.

Металдан жасалған антропоморфты ерлер бейнелері көбінесе қоладан құйылған, олар Жетіасар қорымдарының жерлеу ескерткіштерінен табылып отыр. Солардың ішінде Алтынасар қорымының № 44, 71, 86, №56, 108 обаларынан, № 376 және 422 Алтынасар қорымының №4 шеңберлі жерлеу камерасынан және Қосасар қорымдарынан жерлеу орындарынан табылған.

Олар көбінесе саз кесектен салынған жерлеу камерасында б.з.д. соңғы ғасырлардан бастап б.з.д. V-VI ғасырларға дейінгі кезеңге жататын қазылған топырақ қабірлерінде де табылып отыр. Саз кесектен салынған жерлеу орындарының 84,4%-дан астамы тоналған, табылған антропоморфты металлдан жасалған фигуралар, тек балалар жерлеу орындарынан, оның ішінде көбінесе 4-5 және 4-7 жастағы қыз баланың киіміне жапсырылып қойылған.

Антропоморфты бейнелер қоладан арнайы құйылған және олардан ер адамның бейнесін байқауға болады. Мүсіннің қасбеті ер адамның сұлбасын көрсетсе, артқы жағы тегіс болып құйылған.

Алтын асар мен Қосасар обаларынан табылған антропоморфты ер адам бейнесі әр түрлі көріністе берілген, соның ішінде екі қолын түсіріп тұрған ер адам немесе екі қолын кеудесіне жинап алған ер адам. Антропоморфты бейнеден анық антропологиялық түр-тұлғасын, мұрны бар ұзынша келген (сопақ) жүзді, қиғаш көзді, кең маңдайлы, шығыңқы мұрны бар дөңгелек ер адамды байқауға болады. Мұндай қола антропоморфты фигуралар Жетіасар обаларынан 64% - да б.з. I ғасырлармен мерзімделетін жерлеулерде кездеседі, олардың 18%-ы б.з.д. IV-V ғасырлармен мерзімделетін обалардан табылып отыр. Адам бейнелерінің

көбісі Бидайық асар және Жетіасар №2 қалашықтарының мәдени қабатынан, сонымен қатар Жетіасар мәдениетінің қыш ыдыстарынан да табылып отыр (Чижова).

Жетіасардан табылған антропоморфты бейнелердің бойтұмар қызметін атқарғаны олардың әрбірінің төбесіне орнатылған ілгегінен және көлемінің аса кішкене болғанынан айқындалады. Бойтұмар немесе амулет ежелгі халықтардың, соның ішінде Қазақстан территориясын мекендеген тайпалардың да дәстүрлі тұрмысында зұлым күштерден қорғану, сақтану секілді магиялық сипаттағы ғұрыптармен діни наным-сенімдермен байланысты болғаны белгілі. Осы орайда Жетіасарлық антропоморфтық бейнелердің де қалыптасқан барлық түрі жазық, бір беттен тұратын жалпақ және алдынан қарап қана қабылдауға арналған үлгіде шешім тапқан. Ұсақ пластиканың бет-әлпетінен портреттік ерекшеліктерді байқамаймыз. Бет бөліктерінің барлығы шартты түрде тек түспалданып қана берілген. Ер адамдардың кейбірінің сұлбасы тұтас танымды шешім тауып, аяқ қолдары денеге немесе бір-біріне жабыспай дара берілген болса, енді бірінен кеуде және құрсақ бөлігін толық қамтыған қуыс үлгісіндегі шешімдерін көреміз.

Осындай ер адамдардың Жетіасарлық үлгісіндегі үшінші түрі белдемше киген, қолдарын кеуде тұсында айқастырған үлгісін ұсынады. Белдемше жалпы көптеген халықтарда жауынгердің, әскери қолбасшының киімімен сәйкестікте символдық белгісі ретінде танылған. Сондықтан оны әйел адам бейнесімен шатастыра алмаймыз. Ал, қолды кеуде тұсында айқастырып тұру сонау ежелгі өркениеттер саналатын Мысыр, Қосөзен, антикалық Грекияның алғашқы хронологиялық кезеңдерінде, әсіресе крит-микен мәдениетінің тұсында рәсімдік құлшылық әрекеті саналған. Бұл діни поза жаратушыға

мойынсұну, құлшылық ету мағынасында тарқатылады.

Алайда осы бір рәсімдік антропоморфты ұсақ пластикадағы мүсіншелерге бір қараған кезде олардың фронтальдық шешімінен, геометриялық пішіні мен абстрактылық құрылымындағы схематизацияланған симметриялы принциптерінен критикендік идолдармен ортақ ұқсастық белгілерін байқаймыз. Олардың өзара айырмашылықтары: жетіасарлық мүсіндер қоладан құйылса, микендік мүсіндердің негізгі материалы қыш болып, олардың бет әлпеті тек көздің немесе мұрынның орнын сұлбалауымен айқындалатын. Сонымен қатар, Жетіасар мүсіндері тек фронтальды қабылданып пішінінде геометриялық шешім тапқанымен олар жалпақ пластинка үлгісінде силуэттік шешім табатын. Ал микендік антропоморфтық культтік мүсіндер тек алдынан қарап қабылдауға арналғанымен пішіндік жағынан жұмыр мүсін үлгісінде келіп, бет-әлпет, айқасқан қолдар және т.б. детальдары бедерлеу әдісімен жіңішке сызықтар арқылы айқындалып отырған.

Қыш ыдыстардың бүйірлерінде анық ер адамның толық бейнесі немесе жебе ұстаған көріністері берілген. Көбінесе қыш ыдыстардың тұтқаларында немесе кішкентай күйдірілген қыштан жасалған фигуралар түрінде кездеседі. Ақбөкен, қарақұйрық сияқты жануарлардың бейнелері әдеттегі қызыл өңді жылтыратылған ыдыстың қабырғаларында бейнеленген.

Жетіасар ескерткіштерінде жылқылардың бейнелері әлдеқайда сирек кездеседі. Осылайша, әр түрлі бағытта бұрылған екі аттың бір тұғырында ақ, қызыл және қара жолақтармен боялған саздан жасалған. Жылқы бастарының екі фигуралы бейнелері Томпақ-Асар қорымының кейінгі қорғандарының бірінен табылған (мүмкін IV ғасырдың соңы – V ғасырдың басы). V ғасырдағы мәдени қабаттардан табылған құйылған

«ер-тоқымы» бар жылқының схемалық мүсіні де ерекше көзге түседі.

## Негізгі тұжырымдар

Жетіасар ескерткіштерінің материалдарында антропоморфтық бейнелердің үш түрін кездестіреміз. Бұл саз балшықтан жасалған пұттар, құйылған қола бейнелер және Жетіасар ыдыстарының қабырғаларындағы қалыптар. Балшықтан жасалған пұттар күйдірілмеген немесе нашар пісірілген балшықтан денесінің бөлшектері өңделмеген шағын фигуралар түріндегі өте қарапайым бейнелер болып табылады, көбінесе тек профильді басы бар, онда тек бет әлпеттері тесілген жерлермен, томпақтармен және саңылаулармен сипатталады. Сонымен қатар, бет пен ауыздың, құлақтың қосымша бояуы болды. Осыған ұқсас қарабайыр саз, алебастр немесе тастан жасалған пұттар біздің дәуірімізде материалдарда жиі кездеседі. Дегенмен, Жетіасар кешендеріндегі зооморфты олжалардың ішінде жоғарыда аталған аю бейнелері ерекше көзге түседі. Бұл суреттердің өте маңызды саны, оларды тақырыптардың жалпы жиынтығында (шамамен төрт ондаған) кездейсоқ деп санауға болады. Әдетте, аю суреттері Жетіасар ыдыстарының пішіні, технологиясы және безендірілуі бойынша әртүрлі болса да, бірақ соған тән тұтқалар түрінде қолданылады – үлкен екі тұтқалы қазандар мен құмыралардан талғампаз сфералық саптыаяқтарға дейін. Шебер мұндай тұтқаны композициялық түрде корпусқа орналастырды (мысалы, құмырада симметриялы екі немесе төрт тұтқасы бар, немесе саптыаяқтың немесе қазанның ернеуінің астына және шетіне осындай кескіннің кеме жануарына қарап тұрғандай әсер қалдыру тәсілі. Бұл жағдайда жануардың алдыңғы табандары артта қалады. Ыдыстардың тұтқасындағы аюдың бейнелері елді мекендердің мәдени қабаттарында

да, қорғандардың қорымдарында да, ең алдымен Қосасар 2, Қосасар 3, Томпақасар қорымдарында, әлдеқайда сирек Алтынасар қорымдарында төртеу болады. Олардың Жетіасар ескерткіштеріндегі хронологиялық диапазоны біздің дәуірімізге дейінгі соңғы ғасырлар кезеңімен, II-IV ғасырларға дейін шектеледі. Аю бейнелері табылған ыдыстар тек Жетіасар 1-кезеңінің Жетіасар керамикалық кешеніне тән.

Ертеректегі экспедициялардың қорытындысы бойынша қыш бұйымдардың сыртындағы зооморфтық бейнелер аю деп қарастырылғандықтан біз де шартты түрде талқылау барысында осы атауды ұстанудамыз. Бүгінгі таңда біз жергілікті мәдениеттің даму барысын саралай отырып олардың барыс немесе қасқыр болуы мүмкін деген болжамдарды алға тартамыз. Қасқыр болжамының себебі жергілікті мифологиямен және тотемдік наным-сеніммен сабақтастықта «Көк бөрі» және «Ашина» прообраздарымен байланыста тарқатуға сұранып тұрғандай. Ал барыс бейнесімен сәйкестікті қарастыруымыздың басты себебі осы Жетіасардан табылған сүйектен жасалған басы екіге айрылып аша іспеттес болып келіп барыс (қасқыр) пішінімен аяқталатын зооморфты бұйыммен ұқсастық табуында болып отыр. Аю бейнесі жалпы бұл территорияда өзге материалдық мәдениеттердің заттық үлгісінде мүлде кездеспейтін зооморфтық пішін болғандықтан оның бұған дейінгі интерпретациясы қате талқылануы мүмкін екендігі зооморфтық бейнелерге басқаша қырынан қарауға мүмкіндік береді.

Л.М. Левинаның пікірінше мұндай бейнелер Жетіасар мәдениетінің ерекшелігіне байланысты обалардан немесе қалашықтардың мәдени қабаттарынан анық байқалады. Жетіасар тайпаларына антропоморфты адам бейнесі қайдан келді деген сұраққа Л.М. Левина мен Л.В. Чижеваның

«О некоторых антропоморфных и зооморфных изображениях в Джетыасарских памятниках» атты мақаласында осы бейнелер жайлы тың мәліметтер беріліп отыр. Келу тарихы шығыс ғұн тайпаларымен (юэчжи) байланыстырылады. Осы дәстүрдің шығу тегін солтүстік, солтүстік-шығыс, соның ішінде сарматтардың саргат, гороховской және көрші орманды далалық жерлерінен, Орал маңы мен Оралдың арғы жағындағы тайпалардан табуға болады деген тұжырымдар жасаған. Жетіасар мәдениетінің ескерткіштерінен табылған антропоморфты бейнелерді Орталық Азия, Кавказ, Қырым жерлерінен кездестіреміз (Левина, 80; Чиждова, 35). Чиждованың пікірінше, Еуразия даласындағы мұндай адам және жануарлар бейнесін қоладан құю әдісі Томба, Тобыл, Ертіс маңы тайпаларында б.з.д V ғасырларынан б.з.д VIII ғасырларына дейін сақталып келген. Осы аймақта өмір сүрген этникалық тайпалар әр түрлі шаруашылықпен айналасқан және осындай ер адам бейнелері қоғамдағы адам дәрежесінің идеологиялық, діндік мәртебесін көрсетіп отыр делінген (Чиждова, 40). Л.В. Чиждова антропоморфты және зооморфты бейнелердің құйылып жасалуы, функционалдық және мифологиялық қызметі туралы сұраққа жауап іздей отырып, Еуразия орманды далаларының тайпалары кішкентай аймақта бірігу мағынасы ретінде Оралдың арғы жағына қоныстанған халықтың бұрыннан келе жатқан дәстүрін, шығу тегін ұмытпау үшін осы бейнелерді тұтынған болу керек деген тұжырым жасаған. 1900 жылы антропоморфты адам бейнесі Орал жеріндегі Челябинск облысының Қунашак ауданы Новобурино ауылының маңындағы Сапоговодан 20-ға жуық қоладан құйылған антропоморфты адам бейнесі табылған. Осы табылған олжалар тарихта «Сапогово қазыналары» деп аталған. Бұл табылған жәдігерлерді, яғни гороховская мәдениеті

тайпаларының өкілдері қалдыруы мүмкін деп тұжырым жасаған. Жасалу және күйылу технологиясы бойынша Жетіасар мәдениетінен ерекшеленеді.

Шығыс Арал маңы Жетіасар шатқалына көшіп келген тайпалардың бұрын мекен етіп келген жерімен байланыстың үзілмегендігін және Жетіасар халқымен ассимиляцияға ұшырағанын, басқа сырттан келуші этникалық тайпалардың материалдық мәдениетін қабылдаған жергілікті Жетіасар тайпалары ұзақ уақыт бейбіт қарым-қатынаста тұрғанын байқауға болады. Қазіргі таңда Жетіасар мәдениетінде қазба жұмыстары тоқтап тұр. Кеңес үкіметі тұсында Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының зерттеулері орыс тілінде жазылғандықтан, тың материалдар қазақ тіліне аударылып, қайта қарастыруды талап етеді.

Жоғарыда атап өткендей, Жетіасар мәдениеті қалаларының мәдени қабаттарынан табылған қыш ыдыстардың бүйіріне салынған антропоморфты бейнелер, кейінгі жылдары оғыз қалалары Сортөбе және Шіркейлі-Қос асарға жүргізілген археологиялық зерттеулер барысында да кездеседі (Амиргалина).

2019 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Археология және этнография ғылыми орталығы «Қазқайтажаңғырту» ғылыми-зерттеу институтымен бірігіп, ғылыми реставрациялық топ құрылып, Алтын-асар қалашығындағы «Керуен сарайдың» қабырғаларын қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізген болатын. Жұмыс барысында беткі қабаттан антропоморфты және зооморфты бейнелер табылды.

Керуен сарайдан 3 адам, 1 жануар бейнесінде, жалпы саны 4 антропоморфты және зооморфты бейнелер жиынтығы табылды. Бұл жәдігерлер қоладан құйылған, оның

ішінде біреуі бүтін, қалғаны сынық күйінде табылды. Бүтін сақталған ер адамның бейнесінде қолдары бүгілген түрде беріліп отыр. Табылған жәдігерлер Археология және этнография ғылыми орталығы зертханасында тазаланып, оларға қайта-қалпына келтіру, суретін салу жұмыстары жүргізілді. Қазіргі таңда антропоморфты және зооморфты бейнелер жиынтығы орталықтың көрме залына қойылды.

## Қорытынды

Жетіасар мәдениетінің ескерткіштерінен табылған антропоморфты және зооморфты бейнелер сырттан келген тайпалардың мәдени мұрасы емес. Керісінше жергілікті жетіасарлық этностардың өзіндік антропоморфты және зооморфты бейнелерін қалыптастырған дәстүрі. Жетіасар мәдениетіне көшіп келген тайпалардың өздерінің ата қоныстарынан байланыс үзілмегендігін байқауға болады. Жетіасар мәдениеті, олардың материалдық мәдениеті, этностық құрамы, қалалары, сәулеттік өнері әлі де болса зерттеуді талап етеді. Сонымен қатар, Жетіасар қалаларын археологиялық тұрғыдан зерттеу және ескерткіштерді типологиялық классификациялау барысында қала құрылымы, шаруашылығы, қолөнер, экономикасы, этномәдени тегі, демографиялық бейнесі т.б. арқылы оның өлке тарихындағы рөлі, алыс-жақын елдермен қарым-қатынасы, даму деңгейі мен үдерістерін айқындау үшін әлі де болса да зерттеуді талап етіп отыр. Жетіасар мәдениетінің қоныстану сипаты, қоныстарының топографиясы, сәулеті, фортификациясы, құрылысты салу техникасы, қоныстардың және жеке тұрғын үйлердің жоспарлануы мәдениеттің өмір сүруінің барлық кезеңінде де ерекше тұрақтылықта болғандығын айтуға болады.

Осылайша, ұсақ пластикада орындалған антропоморфты және

зооморфты қола бұйымдарды талдау негізінде бейнелеу мотивтерінің стилистикалық эволюциясының төрт дәйекті принципін анықтауға болады.

Біріншіден, қоладан құйылған антропоморфтық бұйымдар соның көмегімен магиялық рәсімдерді жүзеге асыру үшін ғұрыптық зат ретінде дайындалған болуы мүмкін.

Екіншіден, V-VI ғасырларда қоладан құйылған ұсақ пластика заттары пішін қалыптастыруда симметриялық принципімен ерекшеленеді. Бұл кезең үшін барынша қарапайым симметриялық пішіндерден тұратын композициялық құрылымдар тән. Бұл принциптен ауытқу үлгілерінің кездесуі рәсімнің сәл күрделенуін немесе магиялық тәжірибенің түбегейлі өзгергенін көрсетеді.

Үшіншіден, антропоморфты бейнелерге қарағанда зооморфты бейнелер тек қыштан жасалған тұрмыс заттарында функционалдық мақсатта стилизацияланған сәндік элемент ретінде қолданылды.

Төртіншіден, кейбір тұрақты зооморфты мотивтер белгілі бір жануардың композициялық құрылымында өзінің күрделі спираль тәрізді пішініне ие болып ыдыстың бүкіл пішініне әсер ете бастайды. Кейінірек олар бүкіл ыдыстың сыртында күрделі стилизацияланған жазық өрнектік қатар ретінде қолданыла бастайды. Өрнекті түсіру техникасы үшкір затпен ыдыстың барлық жеріне оюдың үздіксіз сызықтары

арқылы бастыра отырып түсіруден тұратын.

Ортағасырлар дәуірінде Арал маңының бейнелік дәлелдері айтарлықтай эволюцияланды деп ойлаймыз. Қарастырылып отырған кезеңде жергілікті шеберлер үздіксіздік, симметрия, ырғақ, үйлесім секілді қалыптастырушы принциптерді қолдана бастайды.

Егерде V-VI ғасырлардағы ерте ортағасырлық кезеңге қарапайым, кейде қайталанатын желілер тән болса, кейінірек VI-VII ғасырларда ежелгі қазақтардың тотемдік жануарлардың бейнесінің үлгісіндегі мифологиялық және діни түсініктерін сипаттайтын біршама нақтыланған зооморфты бейнелер пайда болады.

Жаңа технологиялардың пайда болуы мен біртіндеп антропоморфты және зооморфты бейнелердің қалыптастырушы принциптері мен композициялық құрылымының ішкі логикасы біртіндеп күрделенеді.

Көріп отырғанымыздай, Жетіасардың антропоморфты бейнелерінің контекстік интерпретациясы бір қарағанда айқындала қоймайтын символдардың мәнін анықтауға көмектесіп қана қоймай, терең ассоциациялардың негізінде осы әлемде өмір сүрудің әл-ауқатын қамтамасыз ететін идеологиялық дүниетанымдық құндылықтардың таратқыштары ретіндегі қасиетті тұмарлар мен визуалды коммуникаторлардың маңызды мақсатын ашты деп айтуға болады.

### **Авторлардың үлесі:**

**А. Назаров** – мәтіннің теориялық бөлігін қалыптастыру, дәйексөздермен жұмыс және алынған мәліметтерді интерпретациялау. Материалдарды талдау және жүйелеу, зерттеудің практикалық бөлігін орындау.

**С. Қаржаубаева** – зерттеу тұжырымдамасын анықтау, міндеттер ауқымын анықтау және зерттеу әдістемесін әзірлеу. Негізгі мәтінді, аңдатпа мәтінін ғылыми редакциялау.

### **Вклад авторов:**

**А. Назаров** – формирование теоретической части текста, работа с источниками и интерпретация полученных данных. Анализ и систематизация материала, исполнение практической части исследования.

**С. Каржаубаева** – определение концепции исследования, выявление круга задач и разработка методологии исследования. Научное редактирование основного текста, текста аннотации.

### **Authors contribution:**

**A. Nazarov** – formation of the theoretical part of the text, work with sources and interpretation of the data obtained. Analysis and systematization of the material, execution of the practical part of the study.

**S. Karzhaubayeva** – defining the research concept, identifying the scope of tasks and developing research methodology. Scientific editing of the main text, abstract text.

## Дереккөздер тізімі

Әлімбаев, Нұрсан. «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі». Энциклопедия. – Алматы: ТОО «Алем Даму интеграция», 2017, 848 б, 2 том.

Әлімбаев, Нұрсан. «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі». Энциклопедия, Алматы, ТОО «Алем Даму интеграция», 2017, 856 б, 1 том.

Байпаков, Карл және Құрманқұлов Жолдасбек. *Қаңлылар мемлекетінің мәдениеті. Қазақстан Республикасы Қызылорда облысының тарихи-мәдени ескерткіштерінің жинағы*, Алматы, 2011.

Eleuov, Madiyar, and Islam Kurmaniyazov. "The same problem of science of Zhetyasar culture". *The Bulletin of KazNU, series of History*, 2017, №4.

Қартаева, Тәттігүл. *Сыр өңірінің дәстүрлі этнографиясы*: монография. Т. Қартаева, Алматы, Арыс баспасы, 2015.

Kurmaniyazov, Islam. "To study of zhetyasar culture as a factor of archaeological science achievement" *Research journal «European research» prepared by using the XXV international scientific and practical conference «european research: innovation in science, education and technology»* London, 2017.

Құрманқұлов, Жолдасбек және басқалар. *Алтынасар қалашығы (№3-Жетіасар). Қазақстан Республикасы Қызылорда облысының тарихи-мәдени ескерткіштерінің жинағы*, Алматы, 2011.

Қоңыратбаев, Тынысбек. *Ертедегі ескерткіштер Сыр бойының ежелгі тарихы мен мәдениеті зерттеу*. Алматы, 1996, 272 б.

Кызласов, Игорь. *Рунические письменности евразийских степей*. Москва, Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 1994.

Левина, Лариса. *Этнокультурная история восточного Приаралья I тыс. до.н.э – I тыс. н.э*, М., 1996.

Левина, Лариса и Чижова, Людмила. "О некоторых зоомрфных и антропомных изображениях в джетыасарской культуре" *Низовья Сырдарья в древности, выпуск V. Джетыасарская культура* часть 5. М., 1995.

Рогожинский, Алексей. *Новые находки памятников древнетюркской эпиграфики и монументального искусства на юге и востоке Казахстана. Роль кочевников в формировании культурного наследия Казахстана*. Алматы, 2010.

Толстов, Сергей. *По древним дельтам Окса и Яксарта*. Москва, Изд-во восточной литературы, 1962, с.324.

Чижова, Людмила. *Идеология древнего населения Урала и Западной Сибири (по материалам культового литья)*. Автореферат канд. Дисс., Ленинград, 1983.

Амиргалина, Гульмира. “Керамика со знаками с городищ Сортобе и Джанкент”.  
Материалы международной археологической научно-практической конференции  
посвященной 95-летию со дня рождения выдающегося казахстанского археолога К.А.  
Акишева. Нур-султан, 19-20 апрель 2019.

## References

Alımbai, Nursan. “Qazaqtyn etnografıyalıq kategoriyalar, ugymdar men ataularynyn dasturli juiesi” [“Traditional System of Kazakh Ethnographic Categories, Concepts and Names”]. *Enziklopediya*, Almaty: TOO «Alem Damu integratsiya», 2017, 848 b, 2 tom. (In Kazakh)

Alımbai, Nursan. “Qazaqtyn etnografıyalıq kategoriyalar, ugymdar men ataularynyn dasturli juiesi” [“Traditional System of Kazakh Ethnographic Categories, Concepts and Names”]. *Enziklopediya*, Almaty: TOO «Alem Damu integratsiya», 2017, 856 b, 1 tom. (In Kazakh)

Baipakov, Karl jane Qurmanqulov Joldasbek. “Qanlylar memleketinın madenieti” [“Culture of the Kangly State”]. *Qazaqstan Respublikasy Qyzylorda oblysynyń tarihi-madeni eskertkışterniń jinagy* Almaty, 2011. (In Kazakh)

Eleuov, Madiyar and Kurmaniyazov, Islam. “The same problem of science of Zhetyasar culture” [“The same problem of science of Zhetyasar culture”]. *The Bulletin of KazNU, series of History*, 2017, №4. (In Kazakh)

Qartaeva, Tattigul. *Syr onirinin dasturli etnografıyası [Traditional Ethnography of the Syr Region.]* monografiya, T. Qartaeva, Almaty, Arys baspasy, 2015. (In Kazakh)

Kurmaniyazov, Islam. “To study of zhetyasar culture as a factor of archaeological science achievement” *Research journal «European research» prepared by using the XXV international scientific and practical conference «european research: innovation in science, education and technology»* London, 2017.

Qurmanqulov, Joldasbek jane bask. *Altynasar qalashygy (№3-Jetiasar) [Altynasar Settlement (No. 3-Zhetyasar)]. Qazaqstan Respublikasy Qyzylorda oblysynyñ tarihi-madeni eskertkishterinin jinagy*, Almaty, 2011. (In Kazakh)

Qonyratbaev, Tynysbek. *Erteдегі eskertkishter Syr boiynyn ejelgi tarihy men madenieti zertteu [Ancient Monuments: Research on the Ancient History and Culture of the Syr Region]*. Almaty, 1996, 272 b. (In Kazakh)

Kyzlasov, Igor. *Runicheskie pismennosti evraziiskih stepei [Runic Scripts of the Eurasian Steppes]*, Moskva, Izdatelskaya firma «Vostochnaya literatura» RAN, 1994. (In Russian)

Levina, Larisa. *Etnokulturnaya istoriya vostochnogo Priaralya I tys. do.n.e – I tys. n.e [Ethnocultural History of the Eastern Aral Sea Region in the 1st Millennium BC – 1st Millennium AD]*. M., 1996. (In Russian)

Levina, Larisa and Chijova, Lyudmila. *O nekotoryh zoomrfnyh i antropomnyh izobrajeniyah v djetyasarskoi kulture [“On some zoomorphic and anthropomorphic images in the Zhetyasar culture”]* Nizovyya Syrdarya v drevnosti, vypusk V. *Djetyasarskaya kultura chast 5*, M., 1995. (In Russian)

Rogojinskii, Aleksei. *Novye nahodki pamyatnikov drevnetyurkskoi epigrafiki i monumentalnogo iskusstva na yuge i vostoke Kazahstana Rol nomadov v formirovanii kulturnogo naslediya Kazahstana [New finds of ancient Turkic epigraphy and monumental art monuments in the south and east of Kazakhstan. The Role of Nomads in the Formation of the Cultural Heritage of Kazakhstan]*, Almaty, 2010. (In Russian)

Tolstov, Sergei. *Po drevnim deltam Oksa i Yaksarta [“Along the Ancient Deltas of the Oxus and Jaxartes.”]* Moskva, Izd-vo vostochnoi lit-ry, 1962. (In Russian)

Chijova, Lyudmila. *Ideologiya drevnego naseleniya Urala i Zapadnoi Sibiri (po materialam kultovogo litya) [“Ideology of the Ancient Population of the Urals and Western Siberia (Based on Religious Casting Materials)”]* Avtoreferat kand. diss. Leningrad, 1983. (In Russian)

Amirgalina, Gulmira. *“Keramika so znakami s gorodish Sortobe i Djankent” [“Ceramics with signs from the Sortobe and Jankent settlements.”]* Materialy mejdunarodnoi arheologicheskii nauchno-prakticheskoi konferenzii posvyashennoi 95-letiyu so dnya rojdeniya vydayshegosya kazahstanskogo arheologa K.A. Akisheva, Nur-Sultan, 19-20 aprel 2019. (In Russian)

Назаров Агабек, Каржаубаева Сангуль

Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова (Алматы, Казахстан)

### ИНТЕРПРЕТАЦИЯ КУЛЬТУРНЫХ АРХЕТИПОВ АНТРОПОМОРФНЫХ И ЗООМОРФНЫХ ОБРАЗОВ В СРЕДНЕВЕКОВОЙ КУЛЬТУРЕ ЖЕТЫАСАРА

**Аннотация.** В настоящее время особое внимание мировой научной общественности привлекают ценные артефакты, обнаруженные в археологических раскопках в низовьях Сырдарьи. В статье предпринята попытка рассмотреть генезис и аспекты эволюции антропоморфной и зооморфной бронзовой Жетыасарской малой пластики, на основе интегративной методологии, совмещающей искусствоведческий и компаративистские методы археологии и этнографии. В дописьменной культуре основную информативную роль играют предметы и атрибуты связанные с сакральными обрядами и ритуалами, поэтому сравнительно-сопоставительный анализ помог переосмыслить и пересмотреть многие устоявшиеся взгляды и представления об изобразительных традициях данного региона. В науке существует несколько версий взаимосвязи между антропоморфными и зооморфными изображениями, орнаментальным формообразованием, идеографической системой и письменностью. Вполне возможно, что найденные в Жетыасаре предметы малой пластики могут свидетельствовать и о более широком диапазоне их применения. Поскольку истинное назначение этих изделий не может ограничиваться только практической необходимостью, и лежит в глубоких мировоззренческих пластах этносов, некогда проживавших на территории приаралья. В контексте осмысления динамики формообразования антропоморфных и зооморфных изображений приаралья были выделены четыре последовательных принципа стилистической эволюции изобразительных мотивов рассматриваемого периода. Если для IV-V вв. характерны антропоморфные и зооморфные образы, состоящие из относительно простых или повторяющихся мотивов, то в средние века прослеживается более детальная моделировка этих образов. При появлении новых технологий обработки бронзовых изделий и создания керамических сосудов происходит усложнение орнаментальных мотивов и композиционной структуры изображений. Основной целью работы является исследование антропоморфных и зооморфных изобразительных традиций в контексте визуальной мировоззренческой модели приаральского этноса. Для достижения поставленной цели решались задачи по выявлению и интерпретации средств визуальной и смысловой выразительности, композиционные приемы жетыасарских антропоморфных и зооморфных изображений. Научная новизна данного исследования заключается в анализе средневековых антропоморфных и зооморфных изображений Жетыасара, рассматриваемых через призму сакральной, ритуальной и магической символики зооморфных изображений тотемных животных на предметах утвари, являющихся ключом к пониманию мировоззренческой системы этноса, населявшего приаралье в средние века.

**Ключевые слова:** Приаральский регион, Жетыасар, керамика, бронзовые статуи, орнаментальные формы, скульптурная стилизация.

**Для цитирования:** Назаров, Агабек, и Сангуль Каржаубаева «Интерпретация культурных архетипов антропоморфных и зооморфных образов средневековой культуры Жетыасара». *Central Asian Journal of Art Studies*, т.11, №1, 2026, 141–161 б., DOI: 10.47940/cajas.v11i1.1179

**Благодарности:** Авторы выражают благодарность редакции «Central Asian Journal of Art Studies» за помощь в подготовке статьи к публикации, а также анонимным рецензентам за внимание и интерес к исследованию.

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляют об отсутствии конфликта интересов.

## Nazarov Agabek, Karzhaubayeva Sangul

Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts (Almaty, Kazakhstan)

### INTERPRETATION OF ANTRMORF AND ZOOMORPHIC CULTURAL ARCHETYPES IN ZHETYĀSAR CULTURE

**Abstract.** The article analyzes new archaeological materials from the monuments of the Jetyasar culture. Currently, the global scholarly community is particularly interested in valuable artifacts discovered in the lower reaches of the Syr Darya River. The study examines the genesis and evolution of anthropomorphic and zoomorphic bronze miniature sculptures of Jetyasar, using an integrative methodology that combines an art-historical approach with comparative methods in archaeology and ethnography. In pre-literate cultures, objects and attributes associated with sacred rituals play a primary role in conveying information; therefore, a comparative analysis proved methodologically useful, allowing the reevaluation of many established views and assumptions about the region's visual traditions.

In scholarship, several theories exist regarding the interrelation of anthropomorphic and zoomorphic images, ornamental form-making, ideographic systems, and writing. It is plausible that the miniature objects discovered in Jetyasar reflect a broader range of applications. Undoubtedly, the true purpose of these items cannot be limited to mere practical necessity; they lie within the deep worldview layers of the ethnic groups that once inhabited the Aral region, manifested in their magical practices, rituals, and ceremonies.

In the context of understanding the dynamics of form-making in anthropomorphic and zoomorphic imagery of the Aral region, four successive principles of stylistic evolution of visual motifs were identified. While the 4th–5th centuries BCE are characterized by relatively simple or repetitive motifs, the medieval period demonstrates more detailed modeling of these images. With the emergence of new technologies for processing bronze artifacts and creating ceramic vessels, ornamental motifs and compositional structures gradually became more complex.

The primary aim of the study is to investigate anthropomorphic and zoomorphic visual traditions as a model of the worldview of the Aral ethnic groups. To achieve this goal, the study addresses the identification and interpretation of visual and semantic expressivity, compositional principles, and techniques in anthropomorphic and zoomorphic images of the medieval Jetyasar culture.

The scientific novelty of this study lies in the analysis of anthropomorphic and zoomorphic images of the medieval Jetyasar culture, considered through the lens of the sacred phenomenon of anthropomorphic figures in ritual imitation and the magical symbolism of zoomorphic representations of totemic animals on household objects, which serve as a key to understanding the worldview system of the ethnic groups inhabiting the Aral region in the Middle Ages.

**Key words:** cultural traditions, Aral area, Zhetiasar, pottery, bronze statues, ornamental forms, sculptural stylization.

**Cite:** Agabek, Nazarov, and Sangul Karzhaubayeva «Interpretation of antropomorf and zoomorphic cultural archetypes in Zhetyāsar culture». *Central Asian Journal of Art Studies*, Vol.11, № 1, 2026, pp. 141–161, DOI: 10.47940/cajas.v11i1.1179

**Acknowledgments:** The authors would like to thank the editors of the Central Asian Journal of Art Studies for their help in preparing the article for publication, as well as the anonymous reviewers for their attention and interest in the study. The authors have read and approved the final version of the manuscript and declare that there is no conflict of interest.

*The authors have read and approved the final version of the manuscript and declare no conflicts of interests.*

**Авторлар туралы мәлімет:****Сведения об авторах:****Information about the authors:**

**Назаров Агабек Жеңісбекұлы**  
— «Сәндік қолданбалы өнер» кафедрасының 3-курс докторанты, өнертану ғылымдарының магистрі, Темірбек Жүргенов Қазақ Ұлттық өнер академиясы (Алматы, Қазақстан)

**Назаров Агабек Жеңісбекұлы**  
— докторант 3-го курса кафедры «Декоративно-прикладное искусство» Казахской национальной академии искусств имени Темирбека Жургенова, магистр искусствоведческих наук (Алматы, Казахстан)

**Nazarov Agabek** — 3 st year PhD Student of «Decorative Art» Department, Masters of Arts, Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts (Almaty, Kazakhstan)

ORCID ID: 0000-0001-7925-9266

E-mail: diz\_agabek@mail.ru

**Қаржаубаева Сәнгүл Камалқызы** — өнертану ғылымдарының докторы, «Сценография» кафедрасының профессоры, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясы (Алматы, Қазақстан)

**Қаржаубаева Сангүл Камаловна** — доктор искусствоведения, профессор кафедры «Сценография», Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова (Алматы, Казахстан)

**Karzhabayeva Sangul K.** — Doctor of Art Studies, Professor of Scenography Department, Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts (Almaty, Kazakhstan)

ORCID ID: 0000-0002-4488-013X

E-mail: sangul\_k@mail.ru